

**Петр Максимович ЧЕРНЫШ** 1937 жылы 18 тамызда Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Ново-Покровка ауылында дүниеге келді. Қостанай педагогикалық институтын үздік аяқтағаннан кейін, Урицкий орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1959 жылы Қостанай облыстық комсомол комитетіне шақырылып, онда нұсқаулықтан бастап, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін жоғарылап жұмыс істеді. 1971-1988 жылдар аралығында Қостанай облыстық партия комитетінде ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімінің меңгерушісінен бастап, облыстық партия комитетінің хатшысы лауазымына дейін қызмет етті. Ізінше облыстық партия мұрағаты басшысының орынбасары болып тағайындалды. 1991-1997 жылдар аралығында облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары болып қызмет атқарды.



Петр Максимович облыста тарихшы-өлкетанушы, публицист, ақын, 20-дан астам кітаптың және 5 жыр кітаптарының авторы ретінде белгілі. «Қостанай облысы тарихының очерктері» және облыстың алты ауданы туралы очерктердің, «Бородин дәуірі. Демиденко уақыты», «Қостанай облысының мұрағаты», «Семеновка, қош бол!», «Қостанай облысының корей халқы», «Балалар, мұндай да болған» кітаптарының, «Аққу әні», «Қостанай жұлдыздары», «Қоңыр күз», «Естелік жолдарымен», «Асқақ» және тағы да басқа жыр жинақтарының авторы. Әдеби поэтикалық қызметі үшін екі рет «Әдебиет» номинациясы бойынша Меценаттар клубының сыйлығын жеңіп алды.

Еңбек жолында Петр Максимович әріптестерінің және облыс тұрғындарының алдында беделге ие болды. Ол жоғары ой-өрісімен, талапты ақылымен, белсенді өмірлік ұстанымымен, патриоттық сезімімен ерекшелінеді. П.М. Черныш - облысымыздың зиялы қауым өкілі. Петр Максимович Қостанай өңірінің дамуына, облыстың мұрағат ісінің, өлкетануының қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты.

П.М. Черныш екі рет «Құрмет» белгісімен, Еңбек Қызыл Ту және «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және жастарды тәрбиелеуге қосқан орасан зор үлесі үшін ЖОЛКЖО ОК «Комсомолдағы белсенді еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған. ЖОЛКЖО ОК мерейтойлық медальдарымен, «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, ХШЖК-нің күміс және алтын медальдарымен, әлем Кеңес қорының Құрмет медалімен марапатталған.

**П.М. Чернышқа Қостанай облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 тамыздағы № 320 шешімімен «Қостанай облысының құрметті азаматы» деген атақ берілді.**

**ЧЕРНЫШ Петр Максимович** родился 18 августа 1937 года в селе Ново-Покровка Узункольского района Кустанайской области. После окончания с отличием Кустанайского педагогического института работал учителем в Урицкой средней школе. В 1959 году был приглашен на работу в Кустанайский обком комсомола, где прошел путь от инструктора до первого секретаря обкома комсомола. С 1971 по 1988 годы работал в Кустанайском областном комитете партии в должности заведующего отделом организационно-партийной работы, затем – секретаря обкома партии. Впоследствии был назначен заведующим областным партийным архивом. С 1991 по 1997 годы работал заместителем начальника областного управления архивов и документации.

Петр Максимович известен в области как историк-краевед, публицист, поэт, автор более 20 книг и 5 поэтических сборников. Он автор «Очерков истории Кустанайской области» и очерков по истории шести районов области, книг «Эпоха Бородина. Время Демиденко», «Архивы Костанайской области», «Прощай, Семеновка», «Корейцы Кустанайской области», «Было такое, ребята», поэтических сборников «Лебединая песня», «Кустанайские зори», «Листопад», «Дорогами памяти», «Заветное» и других. За литературную поэтическую деятельность дважды удостоивался премии Клуба меценатов в номинации «Литература».

На протяжении трудовой деятельности Петр Максимович пользовался заслуженным авторитетом коллег по работе, всех жителей области. Его отличают огромная эрудиция, пылкий ум, активная жизненная позиция, высокое чувство долга и патриотизма. Черныша П.М. можно смело причислить к интеллектуальной элите области. Петр Максимович внес большой личный вклад в развитие костанайского края, в становление и развитие архивного дела, в краеведение области.

Черныш П.М. дважды награжден орденом «Знак Почета», а также орденами Трудового Красного знамени и «Дружбы народов». За значительный вклад в социально-экономическое развитие области и воспитание молодежи награжден значком ЦК ВЛКСМ «За активную работу в комсомоле». Награжден юбилейными знаками ЦК ВЛКСМ, медалью «За освоение целинных земель», серебряной и золотой медалями ВДНХ, Почетной медалью Советского фонда мира.

**Решением Костанайского областного маслихата № 320 от 15 августа 2014 года Чернышу П.М. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».**